Компанияның "Энергия Семиречья" ЖШС қауымдастырылған компаниясында қатысу үлесі бар (25%). Энергия Семиречья жаңартылатын энергия көздері станциясының құрылысын жоспарлап отыр. "Энергия Семиречья" ЖШС акционерлері "Hydrochina Corporation" (қатысу үлесі 50%), "Самұрық Энерго" АҚ (қатысу үлесі 25%), "Powerchina Cheghu Engineering Corporation" (қатысу үлесі 15%) және Powerchina Resources Ltd (қатысу үлесі 10%) болып табылады. "Семиречья энергиясы" ЖШС-дағы Компанияның иелену үлесі өзінің иелену үлесіне сәйкес барлық акционерлердің жарғылық капиталға пропорционалдық салымына байланысты өзгерген жоқ.

ЕГРЭС-2 ст. акцияларының 100%-ы Кепілдік келісім-шарт күніне 10,582,636 мың теңге сомасында бағаланған ЕГРЭС-2 ст. "Еуразиялық Даму Банкі" АҚ алдындағы займы бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге берілді.

**7 Берілген қарыздар**

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>31 наурыз 2020ж.</b>	<b>31 желтоқсан 2019 ж.</b>
<i>Ұзақмерзімді бөлім</i>		
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға берілген қарыз	4,885,987	4,777,939
«Бірінші жел электр станциялары» ЖШС-ға берілген қарыз	881,192	1,757,608
«Мойнақ СЭС» АҚ облигациялары	40,000,000	40,000,000
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС берілген қарызы бойынша есептелген сыйақылар	41, 828	5,289
«МЭБК» АҚ облигациялары	1,222,379	1,220,424
«DSFK (ДСФК) арнаулы қаржылық компаниясы» ЖШС облигациялары	392,293	395,094
«Цеснабанк» АҚ облигациялары	22,328	21,536
Құнсыздану резерві шегерілгенде	(226,168)	(222,196)
<b>Берілген қарыздардың жиынтығы – ұзақ мерзімді бөлім</b>	<b>47 219 839</b>	<b>47,955,694</b>
<i>Қысқа мерзімді бөлім</i>		
«Алматы электр станциясы» АҚ-ға берілген қарыз	-	3,000,000
«Мойнақ СЭС» АҚ облигациялары	7 000 000	7,000,000
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ға берілген қарыз	-	4,000,000
«Мойнақ СЭС» АҚ-ға берілген заем	1 400 000	1,400,000
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға берілген қарыз	500 000	-
«Балқаш ЖЭС» АҚ-ға берілген қарыз	377 301	377,301
Берілген қарыздар бойынша есептелген сыйақылар	191 775	177,360
Облигациялар бойынша сыйақылар	1 528 204	210,523
«Өскемен СЭС» АҚ-ға берілген қаржылық көмек	30 390	30,390
«Т.И. Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ-ға берілген қарыздар	5 442	5,442
Құнсыздану резерві шегерілгенде	-530 233	(531,201)
<b>Берілген заемдардың жиынтығы – қысқа мерзімді бөлім</b>	<b>10 502 880</b>	<b>15,669,815</b>

*«Мойнақ СЭС» АҚ облигациялары*

2019 жылғы 18 маусымда Компания АИХ алаңында 47,000,000 мың теңге сомасында шығарылған, айналыс мерзімі 7 жыл, купондық мөлшерлемесі жылдық 11% «Мойнақ СЭС» АҚ-ның облигацияларын сатып алды.

*«Цеснабанк» АҚ облигациялары*

2018 жылғы қарашада Компанияның «Цеснабанк» АҚ-тағы ақша қаражаты Үкімет Қаулысына сәйкес 153,236 мың теңге сомасындағы облигацияға айырбасталды. Облигациялардың баланстық құны 14% мөлшерлемені қолдана отырып дисконтталған ақша қаражатының болашақ ағындарының келтірілген құнын білдіреді. 2019 жылғы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі облигацияларды шығару проспектісіне өзгерістер тіркеді, оған сәйкес сыйақы мөлшерлемесі жылдық 4%-дан 0.1%ға дейін өзгертілді.

*«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға берілген қарыз*

2011 жылғы 31 қаңтарда Компания «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға қосалқы станциялар мен басқа объектілерді салу және қайта құру үшін 7,000,000 мың теңге мөлшерінде қарыз берді. Қарызды өтеу мерзімі – 2024 жылғы 21 қаңтар, тоқсан сайын төленетін пайыздық мөлшерлемесі - жылдық 2%.

2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша берешек сомасы 4,885,987 мың теңгені құрады (2019ж. 31 желтоқсанда: 4,829,416 мың теңге). Заемның теңгерімді құны 12.5% мөлшерлемесін қолдана отырып дисконтталған ақша қаражатының келешек ағындарының келтірілген құнын білдіреді. Бастапқы тану күніне АЖК қарызының өділ құны мен табыс салығын есептемегендегі 3,675,691 мың теңге сомасындағы номиналдық құны арасындағы айырмашылықтың шамасы АЖК-ға қосалқы инвестициялар ретінде мойындалды.

2020 жылғы 19 наурызда Компания "Алатау Жарық Компаниясы" АҚ-ға 01.04.2019 жылғы С-7 реверсивті несие желісін ашу туралы Келісім шеңберінде 500 000 мың теңге сомасында қысқа мерзімді қарыз берді. Қарыздар айналым құралдарын толықтыру мақсатында ұсынылады. Сыйақы мөлшерлемесі жылдық 8.0% құрайды. Негізгі борыш пен сыйақыны төлеу мерзімнің соңында жүзеге асырылады.

## 7 Берілген қарыздар (жалғасы)

«Алматы электр станциялары» АҚ-ға берілген қарыз

2019 жылы Компания "Алматы электр станциялары" АҚ-мен 2019 жылғы 31 қазанға дейінгі мерзімге 3,000,000 мың теңге мөлшерінде беру лимиті шегінде ақшалай қаражат түрінде қарыз беру шартымен реверсивті несие желісін ашу туралы келісім жасасты. Қарыздар айналым қаражатын толықтыру мақсатында беріледі. Сыйақы мөлшерлемесі жылдық 8.0% құрайды. Негізгі борыш пен сыйақыны төлеу мерзімінің соңында жүзеге асырылады. Қарыздар қамтамасыз етудің беріледі. 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Компания 7,200,000 мың теңге сомасында қарыз берді, оның 6,150,000 мың теңгесі өтелді. 31.12.2019 негізгі борыштың қалдығы 3,000,000 мың теңгені құрайды. 2020 жылғы 23 қаңтарда "Алматы электр станциялары" АҚ қарыз сомасы толық көлемде өтелді

«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС-ға берілген қарыз

2016 жылы Компания «БЖЭС» ЖШС-ның Еуразиялық даму банкінен алған 1,828,288 мың теңге сомасында қарызды өтеуге қарыз берді. Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі 14% мөлшерінде белгіленген. Негізгі борыш сомасын өтеу және қарыз мерзімінің соңында сыйақы төлеу. 2020 жылдың бірінші тоқсанында "БЖЭС" ЖШС 892,393 мың теңге сомасындағы негізгі қарыздың бір бөлігін мерзімінен бұрын өтеді.

## 8 Өзге ұзақ мерзімді активтер

Қазақстан теңгесімен, мың	31 наурыз 2020ж.	31 желтоқсан 2019ж.
Еншілес кәсіпорындардың сатып алушыларынан дебиторлық берешек	746 013	733,735
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС-ға ұсынылған қаржылық кепілдер бойынша қарыз	1 407 179	1,363,280
Қызметкерлердің басқа дебиторлық берешектері	82 638	79,698
Құнсыздану резервін шегергенде	(16 424)	(15,997)
<b>Барлық басқа қаржылық ұзақ мерзімді активтер</b>	<b>2,219,406</b>	<b>2,160,716</b>

2020 жылғы 31 наурыздағы 746,013 мың теңге сомасындағы дебиторлық берешек "SK A" ішкі рейтингімен "Информ-Систем" ЖШС-нің қаржылық берешегін білдіреді. 2020 жылғы 31 наурыздағы дебиторлық берешек құнсызданбаған және мерзімі өткен жоқ және теңгемен толық көрсетілген.

## 9 Басқа қысқа мерзімді активтер

Қазақстан теңгесімен, мың	31 наурыз 2020ж.	31 желтоқсан 2019ж.
Еншілес кәсіпорындардың сатып алушыларынан дебиторлық берешек	10,104,599	9,952,869
«Тауба Invest» ЖШС-дан дебиторлық берешек	930,167	1,038,725
Қысқа мерзімді депозиттер	304	304
Алынатын дивидендтер	30,628,185	405
Құнсыздану резервін шегергенде	(244 331)	(226,299)
<b>Барлық басқа қысқа мерзімді қаржылық активтер</b>	<b>41,418,924</b>	<b>10,766,004</b>
Акционердің пайдасына арналған активтер	363,571	363,571
Төленген аванстар	62,073	25,864
Басқалары	201,275	240,912
<b>Барлық басқа қысқа мерзімді активтер</b>	<b>42,045,843</b>	<b>11,396,351</b>

## 9 Басқа қысқа мерзімді активтер (жалғасы)

### Дебиторлық берешек

Басқа дебиторлық берешек негізінен еншілес ұйымдардың сатып алушыларының 2017 жылы сатылған 10.104.599 мың теңге сомасындағы берешектің қысқа мерзімді бөлігін, сондай-ақ «Tauba Invest» ЖШС-ның 930.167 мың теңге сомасындағы дебиторлық берешегін қамтиды. «Tauba Invest» ЖШС-ның дебиторлық берешегі 2018 жылғы 26 сәуірдегі жылжымайтын мүлікті кепілге салу туралы шартымен қамтамасыз етілген. Есепті кезеңде «Tauba Invest» ЖШС 108,558 мың теңге көлеміндегі берешегін төледі. 2020 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша басқа дебиторлық берешек құнсызданбаған немесе оның мерзімі өткен жоқ, ол толықтай теңгемен көрсетілген.

### Акционердің пайдасына арналған активтер.

Акционердің тапсырмасы бойынша Компания өзіне Нұр-Сұлтан қаласында балабақша салу бойынша міндеттеме алды. Компания 1,184,095 мың теңге мөлшерінде бағаланған құрылыс құнына берген міндеттемені акционердің пайдасына өзге бөлу ретінде мойындады. Компания балабақша құрылысына байланысты шығындарды Акционердің пайдасына арналған ағымдағы активтер ретінде таныды. 2019 жылғы 28 тамыздағы № 56 сыйға тарту келісіміне сәйкес, Компания «Нұр-Сұлтан қаласының активтері мен мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне Активтің бір бөлігін - жалпы сомасы 820,524 мың теңге тұратын техникалық жабдықтар мен қазандық жабдықтары бар балабақша ғимаратын берді. ҚЕХСТК 17 «Ақшалай емес активтерді меншік иелеріне бөлу» 11-тармағына сәйкес, Компания ақшалай емес активтерді үлестірілген активтердің әділ құны бойынша иелерінің пайдасына дивиденд ретінде бөлу міндеттемесін бағалауы тиіс. Компания басшылығы балабақшаның әділ құнын бағалау оның баланстық құнына тең деп санайды, өйткені Компания да, оның жалғыз акционері де осы мәміледен ешқандай экономикалық пайда көрмейді және ол тек соңғы акционер - Қазақстан Республикасы Үкіметінің өтініші бойынша жасалды. Әлеуметтік жобаларға қатысу - Акционердің компаниялар топтары арасында кең таралған тәжірибе. Оның үстіне, Компания балабақшаны жоспарлау және салу процесіне қатыспады, тек оны салуға қажетті қаражатты бөлді, ал активті баланстық құны бойынша әділ құнынан төмен аудару Қоғамның бір ғана акционерінің болуына байланысты басқа акционерлердің мүдделеріне теріс әсер етпейді. 2019 жылы Компания «Нұр-Сұлтан қаласының активтері және мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне Активтің бір бөлігін - жалпы сомасы 820,524 мың теңге болатын техникалық жабдықтар мен қазандық жабдықтары бар балабақша ғимаратын берді. Активтің қалған бөлігін - жалпы құны 363.571 мың теңге болатын трансформаторлық қосалқы станция мен инженерлік желілерді Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне беру 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында жоспарланған.

## 10 Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>31 наурыз 2020 ж.</b>	<b>31 желтоқсан 2019 ж.</b>
Банк шотындағы ақша қаражаты– теңге	18 021	385,541
Банк шотындағы ақша қаражаты– АҚШ доллары	66	2,280
Кассадағы ақша қаражаты	5 751	5,413
Банк шотындағы ақша қаражаты– еуро	167	145
3 айға дейінгі мерзімді депозиттердегі ақша қаражаты – теңге	275 000	905,001
Құнсыздану резервін шегергенде	(104)	(375)
<b>Барлық ақша қаражаты және олардың эквиваленттері</b>	<b>298,901</b>	<b>1,298,005</b>

2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша, кредиттік сапаға қарай ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламаларына жасалған талдау төменде көрсетілді: 2020 жылғы 31 наурыздағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, ақша қаражаты мен ақша қаражаты баламаларының мерзімі өткен жоқ.

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>Рейтинг (S&amp;P)</b>	<b>31 наурыз 2020 ж.</b>	<b>31 желтоқсан 2019 ж.</b>
<b>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған:</b>			
Халық Банкі	BB	12,739	80,708
Альфа-Банк	BB-	7,938	8,571
Жинақ банкі ЕБ	BB+	539	104
АТФ Банк	B-	919	930
"Altyn Bank" АҚ	BB+	283	318
ВТБ Банк АҚ ЕҰ (Қазақстан)	BB+	-	300,007
"ForteBank" АҚ	B+	270,836	902,633
<b>Барлық ақша қаражаты және олардың баламалары</b>		<b>293,558</b>	<b>1,293,271</b>



## 11 Акционерлік капитал

2019 жылғы 31 наурызға шығарылған 5,601,687 жай акция 373,314,888 мың теңге мөлшерінде толық өтелді (31 желтоқсан 2019 ж.: 5,601,687 акция). Әрбір жай акция бір дауыс құқығына ие. Компанияның артықшылыққа ие акциялары жоқ. Жарияланған акциялардың саны - 8,602,187. 2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ Компанияның 100% акционері болып табылады (2019ж: 100%).

## 12 Қарыздар

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>31 наурыз 2020 ж.</b>	<b>31 желтоқсан 2019 ж.</b>
<b>Ұзақ мерзімді бөлім</b>		
Ұзақ мерзімді банктік қарыздар	61 699 828	63,208,148
Самұрық–Қазынадан алынған қарыздар	61 218 976	62,284,630
Облигациялар	24 804 966	24,800,157
Еншілес ұйымдардан алынған қарыздар	8 957 196	33,467,208
<b>Барлық қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі</b>	<b>156 680 966</b>	<b>183,760,143</b>
<b>Қысқа мерзімді бөлік</b>		
Еншілес ұйымдардан алынған қарыздар	35 905 657	10,294,522
Қысқа мерзімді банктік қарыздар	8 842 235	8,942,235
Самұрық–Қазынадан алынған қарыздар	2 381 109	2,381,108
Есептелген пайыздар – облигациялар	867 256	360,287
Есептелген пайыздар – банктік қарыздар	1 620 619	1,448,062
Есептелген пайыздар – Самұрық–Қазынадан және ЕТҰ-дан алынған қарыздар	346 556	212,560
Қаржылық жалдау міндеттемелерінің ағымдағы бөлігі	-	-
<b>Барлық қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі</b>	<b>23,638,774</b>	<b>23,638,774</b>
<b>Барлық қарыздар</b>	<b>49 963 433</b>	<b>207,398,917</b>

Төменде осы қарыздардың теңгерімдік және әділ құндарын талдау көрсетілген:

<i>Қазақстан мың теңгемен</i>	<b>31 наурыз 2020 ж.</b>		<b>31 желтоқсан 2019 ж.</b>	
	<b>Теңгерімдік құны</b>	<b>Әділ құны</b>	<b>Теңгерімдік құны</b>	<b>Әділ құны</b>
Самұрық-Қазына мен ЕТҰ-дан алынған қарыздар	108,640,029	101,564,087	108,640,029	93,139,224
Облигациялар	25,160,443	24,148,880	25,160,443	21,644,161
Банктік қарыздар	73,598,445	70,945,999	73,598,445	70,584,418
<b>Барлық қарыздар</b>	<b>207,398,917</b>	<b>196,658,965</b>	<b>175,901,918</b>	<b>197,826,382</b>

### *Самұрық-Қазына*

2010 жылы 17 наурызда Компания Forum Muider-ден 50% үлесін сатып алу нәтижесінде қайта қаржыландыру мақсатында Самұрық-Қазынамен 48,200,000 мың теңге сомасына келісімге отырды. Қарыз жылдық 1.2% көлеміндегі пайыздық мөлшерлеменен, 2029 жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірілмейтін өтеу мерзімімен берілді. Негізгі сома жыл сайынғы тең өтіммен, ал пайыздар қарызды алғаннан кейін келесі есеп беру жылынан бастап жартыжылдық жарналармен төленеді.

2011 жылдың 14 қаңтарынан бастап Компания Алауатау Жарық Компаниясы АҚ компаниясының кіші станциясын қаржыландыру үшін Самұрық-Қазынамен 7,000,000 мың теңгеге несиелік келісімге қол қойды. Қарыз жылдық 2% көлеміндегі пайыздық мөлшерлеменен, 2024 жылдың 25 қаңтарынан кешіктірілмейтін өтеу мерзімімен берілді. Негізгі сома жыл сайынғы тең өтіммен, ал пайыздар жартыжылдық жарналармен төленеді.

2014 жылдың 16 қаңтарында Компания ЕГРЭС-1-дегі қалған қатысу үлесін сатып алу үшін Самұрық-Қазынамен 200,000,000 мың теңге сомасына несиелік келісімге қол қойды. Негізгі соманы 2028 жылдың 1 желтоқсанында төлеу қажет, ал пайыздар 7.8% мөлшерлемесі бойынша жартыжылдық жарналармен төленеді.

## 12 Қарыздар (жалғасы)

2014 жылғы 3 қазанда, несиелік келісім №369 несиелік келісім-шартқа №1 қосымшаға сәйкес келесідей едәуір өзгерді:

- 100,000,000 мың теңге көлеміндегі негізгі несие сомасы Компания акцияларына айырбасталды
- Негізгі қарыздың қалған сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 9%-ға дейін көтерілді.

2015 жылғы 25 желтоқсанда аталған кредиттік келісім №369-И кредиттік шартқа №2 қосымшаға сәйкес елеулі өзгерілді, негізгі қарыздың сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 1%-ға дейін азайды. Басшылық пайыздық мөлшерлемені 1% нарықтық емес мөлшерлемеге дейін азаюы, сондай-ақ заемның басымдығын тәртіптелгенге өзгеруі заем шарттарында елеулі өзгерістерді білдіретінін бағалады. Басшылық заем шарттарында бұндай өзгеріс бастапқы заемды өтеу және жаңа заемды әділ баға бойынша тану ретінде ескерілуі тиіс екенін санайды. Заемды алу күніне нарықтық құны жылдық 12.8%-ды құрайды. Басшылық арықтан төмен мөлшерлеме бойынша заемды ұсынған кезде Самұрық-Қазына Компанияның акционері ретінде әрекет етеді деп санағандықтан, Компания өзге капиталдың құрамындағы пайдаға салынатын салық тиімділігін шегеріп, 72,581,903 мың теңге сомасындағы заемды алғашқы танудан алынатын табысты мойындады. Алғашқы алынған заемнан алынған пайда алынған номиналдық баға мен дисконтталған ақша ағындарының әдісін және жылдық 12.8% тиімді мөлшерлермесін пайдалана отырып есептелген мойындау күніне әділ баға арасындағы айырмашылық ретінде көрсетілді.

### *Еуропа қайта құру және даму банкі*

2016 жылғы желтоқсанда Компания еурооблигацияларды қайта қаржыландыру үшін 100 миллион еуро мөлшерінде жаңартылмаатын кредиттік желіні ашты. 2017 жылғы қыркүйекте Компания аталған кредиттік желі аясында 39,114,450 мың теңге жалпы сомасына екі траншты алды. Пайыздық мөлшерлеме мәскеудің ақшалай нарығындағы «MosPrime Rate» (Moscow Prime Offered Rate) тәуелсіз индикативті мөлшерлемесі негізінде белгіленеді, плюс жылдық 3.5% және 4.5% маржаны құрайды. Тәуелсіз индикативті мөлшерлеме тоқсан сайынғы негізде тіркеледі. Негізгі қарыз жылына екі рет және мерзімнің соңында төлеуге жатады. 2019 жылы Компания ЕҚДБ-ның 10.354.871 мың теңге мөлшеріндегі екінші траншын мерзімінен бұрын өтеді.

### *Азиатский Банк Развития*

2018 жылғы 8 қарашада және 5 желтоқанда Компания қызметтің негізгі түрлерінің операциялық тиімділігін және жаңартылатын энергия көздерімен байланысты мүмкіндіктерді сәйкестендіру мақсаттары үшін Азия Даму Банктен 120 миллион АҚШ доллары сомасына жаңартылатын кредиттік желілерді ашты. 2019 жылы Компания А және В желісі бойынша - 5 жыл, С желісі бойынша - 7 жылда өтеу мерзімімен жалпы сомасы 45,860,800 мың теңгеге Кредиттік желілер бойынша үш транш алды. Пайыздық мөлшерлеме Қазақстан Республикасындағы инфляцияның нақты көрсеткіштері, оған қосымша банк айырмасы негізінде белгіленеді. Негізгі қарыз кредит мерзімінің аяғында төленуі тиіс.

### *Облигациялар*

2017 жылғы тамызда және қыркүйекте Компания жалпы сомасы 20,000,000 мың теңгеге және сәйкесінше, 28,000,000 мың теңгеге бес жыл мерзімге 1 облигацияға номинал құны 1000 мың теңгеден облигациялар шығарып, орналастырды. Купондық пайыздық мөлшерлеме жылдық 13%-ды және сәйкесінше, 12.5%-ды құрады, ол жылына екі рет және тоқсан сайын төленуі тиіс. 2019 жылғы 18 ақпанда Компания 28,000,000 мың теңге сомасында облигацияларды кері сатып алуды жүргізді. 2019 жылдың сәуірінде Компания нарықтық бағамен 17 655 846 мың теңге сомасына бірінші транштың 16.872.498 облигацияларын кері сатып алды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірінші транш бойынша негізгі қарыздың қалдығы 3,127,502 мың теңгені құрайды.

2018 жылғы қарашада Компания 21,736,200 мың теңге сомасына жеті жыл мерзімге 1 облигацияға номинал құны 1000 мың теңгеден облигациялар шығарып, орналастырды. Купонның пайыздық мөлшерлемесі жылдық 11,2% құрады, және жылына екі рет төленеді.

### *«Қазақстан Халық Банкі» АҚ*

2017 жылдың тамызында Компания еурооблигацияларды қайта қаржыландыру және басқа корпоративтік мақсаттар үшін 40 000 000 мың теңге көлеміндегі жаңартылмайтын несие желісін ашты. Пайыздық мөлшерлемесі жылдық 10,3% құрайды және тоқсан сайын төленеді. Негізгі қарыз жылына екі рет төленеді. 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қарыздың қалдығы 1 900 000 мың теңгені құрады. 2020 жылдың бірінші тоқсанында Компания 2 000 000 мың теңге сомасында 3 қысқа мерзімді транш алды және жалпы сомасы 3 900 000 мың теңге сомасындағы қарызын өтеді. 2020 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша қарыздық берешегі жоқ.

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 наурыз 2020 жыл**

**12 Қарыздар (жалғасы)**

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ

«Самұрық-Энерго» АҚ 2020 жылдың бірінші тоқсанында «Жинақ банкі» АҚ ЕБ несиелік желісі бойынша жалпы сомасы 13,100,000 мың теңге болатын бір ай мерзімге 9,8% мөлшерлеменен 6 қысқа мерзімді транш алды, оның 11,300,000 мың есептік кезеңде мерзімінен бұрын төленді. 2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша «Жинақ банкі» АҚ ЕБ алдындағы негізгі қарыз бойынша өтелмеген берешек 5,800,000 мың теңгені құрайды, сыйақы мөлшерлемесі жылдық 10,5% құрайды.

**13 Басқа кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер**

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>31 наурыз 2020 ж.</b>	<b>31 желтоқсан 2019 ж.</b>
Жеткізушілер мен мердігерлердің кредиторлық берешегі	270 140	720,973
Тендерге қатысқаны үшін кепілдік міндеттеме	147 886	159,653
Басқа кредиторлық берешек	435 618	534,157
<b>Барлық басқа кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер</b>	<b>853 645</b>	<b>1,414,783</b>

**14 Дивидендтер бойынша кірістер**

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2020 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай</b>	<b>2019 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай</b>
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС дивидендтері	29 000 000	-
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС дивидендтері	1 016 790	-
«Алматы электр станциялары» АҚ дивидендтері	610 921	-
<b>Дивидендтер бойынша барлық кіріс</b>	<b>30,627,711</b>	<b>-</b>

**15 Жалпы және әкімшілік шығындар**

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2020ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай</b>	<b>2019ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай</b>
Еңбекақы мен онымен байланысты шығындар	721 835	669 007
Консультациялық және басқа қызметтер	142 261	129 229
Мамандандырылған кеңсе қызметтері	145 003	145 725
Салықтар	7 539	83 788
Ақпарат жүйелерінің қызметтері	33 174	62 083
НҚ тозуы және МЕА амортизациясы	90 376	116 913
Іссапар шығындары	35 426	35 362
Персоналды оқыту және онымен байланысты шығындар	10 896	16 876
Сақтандыру	9 389	10 046
Басқалар	107 628	100 371
<b>Барлық жалпы және әкімшілік шығындар</b>	<b>1 303 526</b>	<b>1 369 400</b>

## 16 Қаржылық табыс

	2020ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай	2019ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>		
Қаржылық активтер бойынша дисконт амортизациясы	369 108	296 549
Облигациялар мен берілген қарыздар бойынша пайыздық кірістер	1 485 815	164 885
Берілген кепілдіктер бойынша кірістер	21 996	61 589
Банктік депозиттер бойынша пайыздық кірістер	33 891	254 944
Өзше	42 644	79 593
<b>Барлық қаржылық кірістер</b>	<b>1 953 455</b>	<b>857 560</b>

## 17 Қаржылық шығыстар

	2020ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай	2019ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>		
Қарыздар мен облигациялар бойынша сыйақы шығыстары	3,401,174	3,590,673
Қарыздар мен қаржылай көмек бойынша келтірілген құн дисконтының амортизациясы	2,524,263	1,715,299
Қаржылық жалдау бойынша шығыстар	35,845	35,284
Өзге	18,588	22,277
<b>Барлық қаржылық шығыстар</b>	<b>5,979,869</b>	<b>5,363,533</b>

## 18 Табыс салығы

Табыс салығы депозиттер бойынша төлемнің дерек көзіне ұстайтын салықты білдіреді. Компания болашақта салық салынатын түсімді күтпейді.

## 19 Шартты және келісімшарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер

Төменде көрсетілген ақпараттан бөлек, 2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша, 2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін жеке қаржылық есептілікте ашылған жағдайлардан басқа, шартты және келісімшарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер болған жоқ.

**Сот талқылаулары.** Компания әдеттегі қызмет барысында туындайтын белгілі бір басқа заңды процестерге қатысады. Басшылықтың пікірінше, қазіргі уақытта нәтижелері Компанияның қаржылық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін қандай да бір басқа ағымдағы сот процестері немесе басқа аяқталмаған шағымдар жоқ.

**Қарыздар бойынша ковенанттар.** Компанияның қарыздар мен облигациялар бойынша белгілі бір ковенанттары бар. Осы ковенанттарды орындамау Компания үшін қарыздар бойынша шығындардың өсуі мен дефолт жариялауды қоса алғанда, жағымсыз салдарларға әкелуі мүмкін. 2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Компания қарыз ковенанттарының нормативтік мандерін орындады.

**Ұзақ мерзімді қаржылық кепілдіктер.** 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания «Шардара СЭС» АҚ еншілес компаниялары алған қарыздар бойынша кепілдіктерге ие. Бастапқы тану кезіндегі кепілдіктердің әділ құны кепілдіктермен қамтылған сомаларға пайыздық мөлшерлемені қолдану нәтижесінде алынған сома ретінде анықталды, бұл Компания қамтамасыз еткен несиені алған қарыз алушының сыйақы мөлшерлемесі мен Компания кепілдік бермеген жағдайда қолданылатын пайыздық мөлшерлеменің арасындағы айырмашылықты білдіреді. Кепілдік құны еншілес еншілес кәсіпорынға салынған инвестиция ретінде қарастырылады.

**20 Шартты және келісімшарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер (жалғасы)**

Қазақстан теңгесімен, мың	Ұзақ қаржы кепілдер		Кепілдікті міндеттемелердің сомасы		Кепілдің кезеңі		Кепіл бойынша бағалау мөлшерлем есі
	31 наурыз 2020 ж.	31 желтоқсан 2019 ж.	31 наурыз 2020 ж.	31 желтоқсан 2019 ж.	Кепілді шығару күні	Кепілдің әрекет ету кезеңі	
<b>Компания</b>							
Шардара СЭС» АҚ	1,400,048	1,439,752	23,358,750	23,717,500	2015 г.	13 лет	3%
<b>Барлығы</b>	<b>1,400,048</b>	<b>1,439,752</b>	<b>23,358,750</b>	<b>23,717,500</b>			

**21 Қаржы құралдарының әділ құны**

*Әділ құнды бағалау*

Әділ құнды бағалау нәтижелері әділ құнның иерархия деңгейлері бойынша былайша талданып, бөлінеді: (i) 1-деңгейге сәйкес активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы нарықтық баға белгілеу бойынша бағалар (түзетілмейтін) жатады, (ii) 2-деңгейге – актив немесе міндеттемелер үшін тікелей (яғни, мысалы, баға) немесе жанама (яғни, мысалы, бағаның туындысы) бақыланатын болып табылатын барлық пайдаланылатын маңызды бастапқы деректері бар бағалау модельдерінің көмегімен алынғандар және (iii) 3-деңгейдің бағалары бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген (яғни, бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген) бағалар болып табылады. Қаржылық құралдарды әділ құн иерархиясындағы белгілі бір санатқа жатқызған кезде басшылық пайымдауды қолданады. Егер әділ құнды бағалауда айтарлықтай түзетуді талап ететін бақыланатын деректер пайдаланылса, онда ол 3-деңгейге жатады. Пайдаланылатын деректердің маңыздылығы әділ құнның барлық жиынтық бағасы үшін бағаланады.

Әділ құн иерархиясының 2-деңгейіндегі және 3-деңгейіндегі әділ құнның бағасы дисконтталған ақша ағыны моделінің көмегімен орындалды. Белсенді нарықта бағасы белгіленбеген тіркелген пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы қаржылық құралдардың әділ құны баланстық құнға тең болып қабылданды. Белсенді нарықта бағасы белгіленбеген тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар құралдардың әділ құны осы сияқты кредиттік тәуекел мен осы секілді өту мерзімін болжайтын жаңа құралдарға арналған қарызға беру нарығында қолданыстағы пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, дисконтталған ақша ағынының моделіне негізделеді.

**«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 наурыз 2020 жыл**

**20 Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)**

Қазақстан теңгесімен, мың	31 наурыз 2020 ж.				31 желтоқсан 2019 ж.			
	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Баланстық құны	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Баланстық құны
<b>Активтер</b>								
Ақшалай қаражат пен олардың эквиваленттері	-	298,901	-	298,901	-	1,298,005	-	1,298,005
Мерзімі тіркелген депозиттер	-	304	-	304	-	304	-	304
Қаржылық дебиторлық берешек	-	11 205 756	-	11,529,309	-	11,240,997	-	11,487,529
Алынатын дивидендтер	-	30,623,645	-	30,623,645	-	405	-	405
Берілген кепілдік бойынша еншілес ұйымдардың берешегі	-	1,438,964	-	1,402,435	-	1,463,478	-	1,358,784
Берілген заемдар	-	55,235,114	-	57,722,719	-	58,746,861	-	63,625,509
Қызметкерлердің берешегі	-	82,638	-	82,638	-	79,698	-	79,698
<b>Барлық қаржылық активтер</b>	<b>-</b>	<b>98,885,321</b>		<b>101,659,950</b>	<b>-</b>	<b>72,829,748</b>		<b>77,850,234</b>
<b>Міндеттемелер</b>								
Заемдар	-	196,658,965	-	206,644,399	-	185,367,803	-	207,398,917
Жалғға алу бойынша міндеттемелер	-	1,037,232	-	953,293	-	711,285	-	1,035,366
Берілген қаржылық кепіл	-	1,400,046	-	1,400,048	-	1,330,326	-	1,439,752
Қаржылық кредиторлық берешек	-	270,140	-	270,140	-	720,973	-	720,973
<b>Барлық қаржылық міндеттемелер</b>	<b>-</b>	<b>199,366,385</b>		<b>209,267,880</b>	<b>-</b>	<b>188,130,387</b>		<b>210,595,008</b>

*Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер.* Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы құралдардың әділ құны шамамен олардың баланстық құнына тең. Пайыздық мөлшерлемесі тіркелген құралдардың бағаланатын әділ құны осы секілді кредиттік тәуекел мен осы секілді өтеу мерзімін болжайтын жаңа құралдарға арналған қолданыстағы пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы күтілетін болашақ ақша ағындарының сомаларын дисконттау моделіне негізделеді. Қолданылатын дисконттау мөлшерлемелері контрагент тарапынан болатын кредиттік тәуекелге байланысты.

*Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін міндеттемелер.* Облигациялардың әділ құны нарықтық баға белгілеулерге негізделеді. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы заемдардың әділ құны шамамен баланстық құнға тең. Пайыздық мөлшерлемесі тіркелген және өтеу мерзімі белгіленген құралдардың есептік әділ құны осы сияқты кредиттік тәуекел мен осы секілді өтеу мерзімімен жаңа құралдарға арналған күтілетін дисконтталған ақша ағынына негізделеді.

**22 Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар**

2020 жылғы сәуірде «Самұрық-Энерго» АҚ European Bank for Reconstruction and Development-пен 643,815 мың теңге сомасында 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 48308 Кредиттік келісім бойынша сыйақы төледі.

2020 жылдың сәуірінде «Самұрық-Энерго» АҚ Азия Даму Банкімен жасалған Кредиттік желі шарттары бойынша сыйақы төлеуді мына тәртіпте жүргізді: А кредиттік желісі бойынша (05.12.2018ж. Шарты) 553,800 мың теңге мөлшерінде төлем жасады, В несиелік желісі бойынша (08.11.2018ж. Шарты) 528.876 мың теңге сомасындағы төлем; С кредиті бойынша (08.11.2018ж. Шарты) 567.770 мың теңге сомасында төлем жасалды.

### 23 Акциядан түсетін пайда/(залал)

Акцияға келетін негізгі пайда / (залал) Компания акционерлерінің үлесіне тиесілі пайда немесе залалдың есепті кезең ішіндегі айналыстағы жай акциялардың орташа алынған санына қатынасы ретінде есептеледі. Компанияда бытыраңқы әлеуетті жай акциялар жоқ, сондықтан акцияға шаққандағы бытыраңқы пайда акцияға шаққандағы негізгі пайдаға сәйкес келеді.

	2020ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай	2019ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай
Компания акционерлеріне тиесілі бір жылдағы пайда (Қазақстан теңгесімен, мың)	25,268,719	(4,923,429)
Айналымдағы жай акциялардың орташа өлшенген саны	5,601,687	5,601,687
<b>Компания акционерлеріне тиесілі акцияларға түсетін пайда (теңгеге дөңгелектегенде)</b>	<b>4,511</b>	<b>(879)</b>

### 24 Бір акцияның баланстық құны

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі - «ҚҚБ») Биржалық кеңесінің 2010 жылдың 4 қазанындағы шешіміне сәйкес, қаржылық есептілікте ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есептік күнге бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы мәліметтер болуы керек. Компания басшылығы 2020ж. 31 наурызда жағдай бойынша қаржылық есептілік негізінде есептегенде 77,610 теңгені құрады (2019 жылғы 31 желтоқсан: 73,094 теңге). Төменде бір акцияның баланстық құнын есептеу кестесі берілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 наурыз 2020 ж.	31 желтоқсан 2019 ж.
Барлық активтер	645,806,954	622,001,515
Минус: материалдық емес активтер	(740,484)	(763,873)
Минус: барлық міндеттемелер	(210 321 854)	(211,785,133)
<b>Жай акцияларға арналған таза активтер</b>	<b>434,744,616</b>	<b>409,452,509</b>
Есепті кезеңнің соңындағы жай акциялар саны	5,601,687	5,601,687
Бір акцияның баланстық құны, теңге	<b>77,610</b>	<b>73,094</b>